

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

2. «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Қазақстан Республикасының Заңы.
3. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» № 234 Заңы
4. Берстембаева Р.К. Компаниялардың қаржылық сауықтыру : оқу құралы / Р.К. Берстембаева, А.Ж. Ескалиева. - Атырау : [б. и.], 2020. - 235 б. : сур., кесте. - Библиогр.: б. 229-232.
5. Савицкая, Г. В. С13 Анализ хозяйственной деятельности : учеб. / Г. В. Савицкая. — 2-е изд., испр. и доп. — Минск: РИГТО, 2012
6. Дюсембаев, К. Ш. Анализ финансовой отчетности : учебник для экономических вузов / К. Ш. Дюсембаев. - Алматы : Экономика, 2009.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЖЫРАСУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Ерниязова Азиза Рустамовна

aziza.yerniyazova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, экономика факультетінің мемлекеттік аудит мамандығының 2 курс студенті, Астана қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Қайранбеков Б.О

Заманауи жағдайда отбасы институты үлкен өзгерістерге ұшырауда. Бұл өзгерістерге – тұлғааралық қатынастардың бұзылуы, ажырасулар көлемінің ұлғаюы, және оның салдарынан толық емес отбасылар, жалғызбасты аналар немесе туған ата-анасы жоқ отбасылар көбеюде. Аталғандардың ішіндегі қазіргі әлеуметтік қоғамда аса түйткілді мәселелердің бірі – ажырасу. «Үйлену оңай, үй болу қиын» деген ата-бабаларымыздың сөздері елімізде белең алып жатқан жағдайдың «айнасы» секілді. Жалпы, дәстүрлі қазақ отбасында ажырасу деген мүлде жат әрекет болған. Тентегін тезге салып, ақылын айтатын ақсақалдардың, отбасындағы жөнсіз ұрыс-керісті болдырмай, үй ішіндегі берекенің ұйытқысы болатын дана тұлғалардың арқасында қазақ отбасында ажырасу деген түсінік болмаған. Этнографтардың пайымдауынша, бұл үдерістің бұзылуына бұрынғы қазақ қоғамына тарихи оқиғалар, яғни ашаршылық, қуғын-сүргін, стереотиптік ойлау әсерін тигізсе, қазіргі қоғамда сәл өзгеше көрініс орын алады. 21-ші ғасырда ажырасулардың себепкерлері болып ең алдымен – материалдық жағдайдың төмендігі, жұмыссыздық, жаңа құрған отбасыда немесе бірнеше онжылдық бірге тұрған ерлі-зайыптылар арасындағы зорлық-зомбылық, махаббат пен бала-шағаның болмауы және көбінесе ер азаматтардың отбасылық жауапкершілікті сезінбеуі себеп болуда. Мұнда әлеуметтік мәселе өте өткір сезіледі. Әйелдер қауымы өз төркінен кетіп, таңдап алған жарымен отбасы құруға дайын болады. Бірақ, еліміздегі қазіргі отбасылардың жағдайын қарағанда ерлер қауымы көбінесе бұл мәселеге жеңіл-желпі қарайды. Бұл моральдық тұрғыдан әйелдерге қиын болып, біреулері жылдар бойы бұл қарым-қатынасқа шыдаса, біреулері тіпті өз өмірі мен психикасын аман сақтап қалу үшін ажырасады. Яғни бұл нәрсе жастардың үйленбей жатып ажырасуына біріншіден отбасындағы тәрбиенің ролі көп. Себебі, халқымызда «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген тамаша сөздер бар. Ұл болсын, қыз болсын ата-анасынан көргенін бойына сіңіреді. Отбасында әке-шешесінің жанжалын, ұрыс-керісін көріп өскен ұл-қыз өзі шаңырақ көтергенде де соны қайталайды.[1] Бала үшін ата-анадан артық үлгі, ата-анадан асқан биік тұлға жоқ. Өкінішке орай, мұны ересек адамдар жиі естерінен шығарады. Келесі кестеде Қазақстан Республикасының тіркелген ажырасулар саны туралы ақпарат берілген.


Кесте-1. Қазақстан Республикасының тіркелген ажырасулар саны

№ р/с	Аумақтар	2020 ж	2021 ж	2022 ж	Ауытқуы		Ауытқуы	
					2022/2020	%	2022/2021	%

1	Абай	-	-	1 432	1432	-	1432	-
2	Ақмола	2 302	2 028	1 804	-498	(-22)	-224	(-11)
3	Ақтөбе	2 020	2 412	1 996	-24	(-1,18)	-416	(-17,2)
4	Алматы	5 199	5 075	3 112	-2087	(-40,2)	-1963	(-38,6)
5	Атырау	1 335	1 396	1 339	4	0,29	-57	(-4,1)
6	БҚО	1 920	1 776	1 489	-431	(-22,4)	-287	(-16,2)
7	Жамбыл	2 243	2 606	2 164	-79	(-3,5)	-442	(-17)
8	Жетісу	-	-	1 573	1573	-	1573	-
9	Қарағанды	4 586	4 717	3 644	-942	(-21)	-1073	(-22,7)
10	Қостанай	2 661	2 410	2 412	-249	(-9,35)	2	0,08
11	Қызылорда	1 633	1 708	1 417	-216	(-13,2)	-291	(-17)
12	Маңғыстау	1 389	1 340	1 338	-51	(-3,67)	-2	(-0,14)
13	Павлодар	2 712	2 626	2 132	-580	(-21,3)	-494	(-18,8)
14	СҚО	1 938	1 770	1 619	-319	(-16,5)	-151	(-8,5)
15	Түркістан ¹	2 657	2 471	2 061	-596	(-22,4)	-410	(-16,6)
16	Ұлытау	-	-	549	549	-	549	-
17	ШҚО	3 962	4 166	2 259	-1703	(-43)	-1907	(-45,8)
18	Астана қаласы	4 183	4 296	4 289	106	2,53	-7	(-0,16)
19	Алматы қаласы	5 284	5 281	5 697	413	7,8	416	7,87
20	Шымкент қаласы	1 978	2 161	2 191	213	10,7	30	1,38
Ескерту- [2]мәліметтернегізінде автормен құрастырылды								

Статистикалық деректерге сүйенсек, 2020, 2021 және 2022 жылдары Алматы қаласында орын алған ажырасулар саны басқа облыстарға қарағанда әлдеқайта жоғары көрсеткіш көрсетті. Екінші орында кезекте Алматы облысы, 3-ші орында Қарағанды қаласы орналасты. Бұдан дәстүрлі өмір сүретін азиялық этнос өкілдері басым оңтүстік, батыс өңірлерде ажырасу төмен деңгейде болса, еуропалық этностар басымдық қоныс тепкен солтүстік, шығыс, орталық өңірлерде ажырасу деңгейі жоғарырақ. Сонымен қатар, еліміздің екі ірі мегаполисінде де ажырасу деңгейі басым екендігіне көзіміз жетті.

Келесі суретте 2020-2022 жылдардағы Қазақстан Республикасының тіркелген ажырасулар санының графигі берілген.




Сурет 1. Қазақстан Республикасының тіркелген ажырасулар саны.

Ескерту- [2] мәліметтер негізінде автормен құрастырылды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Статистикасы Бюросының деректері бойынша 2022 жылы АХАЖ органдары 128,4 мың некені тіркеген болатын, алайда бұл өткен жылмен салыстырғанда 8,5% аз. Некедегі ең жоғарғы көрсеткіш Астана қаласында тіркелді, онда жалпы неке коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 8,05 құрады, ең төменгі деңгей – Абай облысында 1000 тұрғынға шаққанда 6,10 болды. 2021 жылмен салыстырғанда тіркелген ажырасулар саны 7,7% азайып, жалпы 44,5 мың ажырасуды құрады.

Келесі суретте 2021 жылғы қала мен ауылдағы ажырасулардың мәндері көрсетілген.



Сурет 2. 2021 жылғы қала мен ауылдағы ажырасулар.

Ескерту- [2] мәліметтер негізінде автормен құрастырылды.

Суреттегі мәліметтерге сүйене отырып талдау жасасак, 33,2 мың ажырасу (74,6%) қалаларда, ауылдық жерлерде 11,3 мың ажырасу (25,4%) тіркелді. Ажырасудың ең жоғарғы көрсеткіші Астана қаласында байқалды, онда ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 3,24, ал ең төменгі Түркістан облысында – 1000 тұрғынға шаққанда 0,98 оқиганы құрады.

Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан тұрғындарының, яғни респонденттерге жүргізілген сауалнамаға сәйкес жауаптарда ажырасудың ең көп таралған себебі: ерлі-зайыптылардың опасыздық жасауы немесе екінші отбасының пайда болуы, келесі жиілікте - туыстарының отбасылық өмірге араласуы. Сонымен қатар, ажырасудың себептері ретінде жиі

көрсетілетіндер жүйелі түрде болатын тұрмыстық зорлық-зомбылық, маскүнемдік, қызғаныш, содан кейін жұмыссыздық, қаражаттың жетіспеушілігі және тұрғын үй мәселелері сияқты материалдық себептерді атап өткен жөн. Ажырасудың өте жиі болатын себебі жұбайының сезіміне әсер ететін ерлі-зайыптылардың опасыздығы болып табылады. Некеде адалдықтың болмауы қарым-қатынастары жақсы отбасылар мен жанжалды отбасыларда кездеседі.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда адам баласының құндылықтары қатты өзгеруде. Өкінішке орай, Қазақстанда белең алған ерлі-зайыптылар арасындағы ажырасулар жылдан жылға көбейе беруде. Соған ең алдымен отбасыдағы тәрбие және қоғам ықпалы зор. Осы орайға байланысты еліміздегі мемлекеттік отбасылық саясаттың негізгі міндеттерінің бірі дәстүрлі отбасын нығайту және жауапты ата-ана рөлін насихаттау болып табылады. Елдегі әлеуметтік-экономикалық реформалар мен демографиялық саясатты іске асыру отбасының тұрақтылығына байланысты. Отбасы – тұлғаның рухани адамгершілік негіздерінің негізін қалаушысы болғасын ер балаға және қыз балаға кішкентайынан отбасылық жылы қарым-қатынасқа үйрету, бір-біріне деген жылы шыраймен қарауды үйрету өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.«Ажырасу және оның салдары» әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп / Д.М. Айкенова – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2021.–150 б.

2.Ұлттық Статистика Бюросының тіркелген ажырасулар саны статистикасы https://stat.gov.kz/upload/iblock/764/nix3cqbp0yeweavzt3eyvigmmtn5pga/%D0%90%D0%B6%D1%8B%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%83%D0%BB%D0%B0%D1%80.xlsx?sphrase_id=342226

УДК 336.01

МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРУШІ КӘСІПОРНЫНДА БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН АУДИТТИ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Есенжолова Аяна Есболқызы

yesbolovnaaaa@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінің Есеп және аудит амандығының

4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Садуакасова К.Ж.

Қазақстан Республикасы экономикасының маңызды секторларының қатарында мұнай-газ өндіру саласын жатқызамыз. Мұнай-газ өндіру саласының қызметінің ерекшеліктеріне байланысты осы салада жұмыс жасайтын компанияларда бухгалтерлік есеп және аудитті ұйымдастырудың да тән айрықша салалық ерекшеліктері бар.

Мұнай газ саласындағы бухгалтерлік есеп пен аудиттің осы саланың спецификасына байланысты өз ерекшеліктері бар:

Басты айрықшасалалық ерекшелігі ретінде мұнай мен газды өндірумен және өңдеумен байланысты өндірістік үрдістердің күрделілігі мен ауқымын айтуға болады. Тиімді есебін жүргізу үшін шығарылым көлемі, шикізат сапасы, өндіріс және тасымалдау құны және салық міндеттемелері сияқты көптеген факторларды ескеру қажет. Осының барлығы бухгалтерлік есепті анағұрлым тереңірек және күрделірек жүргізуді талап етеді.

Тәуекелдер мен белгісіздік. Мұнай газ саласындағы операциялар жоғары тәуекелмен байланысты, мысалы, мұнайға бағаларөзгерістері, саяси тұрақсыздық, экологиялық мәселелер. Бухгалтерлік есепте және аудитте осы факторларды компанияның қаржылық жағдайын бағалау барысында ескеруі керек.

Салалық тән ерекшелікті үлкен территорияда орналасқан көптеген телімдер мен тау-кен нысандарының болуымен байланыстыруға болады. ҚР мұнай-газ өндіруші